

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қараганды академиясы



Jastar^{JYLY}
QAZAQSTAN 2019

ЖАСТАР ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТ: ӘЛЕУМЕТТИК- ҚҰҚЫҚТЫҚ ӨЗАРА ИС- ҚИМЫЛ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

*Жастар жылына арналған
курсантыардың (студенттердің)
халықаралық гылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ*

2019 жылғы 26 сәуір

*МАТЕРИАЛЫ
международной научной конференции
курсантов (студентов),
посвященной Году молодежи*

МОЛОДЕЖЬ И СОВРЕМЕННОЕ ГОСУДАРСТВО: ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОГО ВЗАЙМОДЕЙСТВИЯ

26 апреля 2019 года

ҚАРАГАНДЫ • 2019 • КАРАГАНДА



X (5 квз)
* 33

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАГАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
КАРАГАНДИНСКАЯ АКАДЕМИЯ
ИМЕНИ БАРИМБЕКА БЕЙСЕНОВА

**ЖАСТАР ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТ:
ӘЛЕУМЕТТИК-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ӨЗАРА ИС-ҚИМЫЛ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

*Жастар жылына арналған курсанттардың (студенттердің)
халықаралық гылыми конференциясының материалдары*

2019 жылғы 26 сәуір

**МОЛОДЕЖЬ И СОВРЕМЕННОЕ ГОСУДАРСТВО:
ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОГО
ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ**

*Материалы международной научной конференции
курсантов (студентов), посвященной Году молодежи*

26 апреля 2019 года

ҚАРАГАНДЫ
2019
КАРАГАНДА

Қазақстан Республикасының
Қараганды академиясының
кітапханасы

Тұг.№ 234388

**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ МЕМЛЕКЕТТІң САЯСИ ЖАҢҒЫРУЫ
ЖӘНЕ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

**ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ
РАЗВИТИЕ ГОСУДАРСТВА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

T. Абатова, 2-курс

Fылыми жетекші — Д. Т. Карымсакова,

мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)

ӨЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ХАЛҚЫНЫң ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Қазақстан Республикасында еңбек ресурстарының басты мәселелері жұмыспен қамту және жұмыссыздық болып табылады. Қазіргі кезде олар жаһандық экономиканың дағдарыстан кейінгі дамуының маңызы болып келеді. Білім экономикасына көшу кезінде экономикалық есімнің негізі адам әл-ауқатын арттыру, өмір сүру сапасын адамның негізгі факторына айналдыру еді. Елімізде жұмыссыздықтың орын алуы мыналармен байланысты: табысты жұмысы болмағандықтан, білім деңгей бойынша жұмыссыздар, нақты жоғары білімнің болмауы салдарынан.

Сонымен қатар жас қазақстандықтар менеджмент, заңгер, экономика, банк қызметі сияқты беделді кәсіптердің таңдауга тырысада. Бірақ еліміздегі еңбек нарығы бұл мамандарға мұқтаж емес. Республикамизда көлеңкелі жұмыстар бар, оның деңгейі статистикаға қарағанда бірнеше есе жоғары. Өлеуметтік-экономикалық салада жұмыспен қамту көрсеткіштері мен жұмыссыздық деңгейінің тәмендігі шешілмеген міндеттердің курделілігін көрсетеді. 25 жасқа дейінгі жастар жұмыспен қамтуың курделі киындықтарын бастаң кешуде. Бұл жұмысшы мамандықтарының жетіспеушілігін сезіндіріп қана қоймай, сонымен бірге жас мамандардың тілегі және мүмкіндіктер қақтығысымен тікелей байланысты. Жұмыспен қамту мәселесі экономикалық есу мен макроэкономикалық реформалар нәтижесі ретіндеға емес, сондай-ақ халықтың экономикалық даму деңгейі мен өлеуметтік мәртебесін айқындастырынан өндірістің негізгі факторының сапасы ретінде қарастырылады. Дегенмен экономикалық дағдарыс және кейіннен кәсіпорындарды жабу, банкроттық және оны жою, қызметкерлерді қыскарту мемлекеттік реттеу әдістерін кеңінен қолдану қажеттілігін түдүрді. Дағдарыс кезеңінде азаматтарды жұмыссыздықтан қорғау үшін мемлекет «шартты түрде өмір сүру стратегиясы» ретінде сипатталуы мүмкін стратегияны пайдаланы. Бұл стратегияның негізі «Жол картасы» бағдарламасын, яғни өлеуметтік жұмыс орындарын күру, мамандарды қайта даярлау, жастар практикасын ұйымдастыру және т. б. іске асыру, сондай-ақ үкімет жұмыс орындарын сактау бойынша белсенді шаралар қабылдау болып табылады¹. Бұл шаралар өлеуметтік көмек ретіндеға емес, мамандық алу үшін де қолдау көрсетеді. Мысалы: өз бизнесін ашуды қалайтын адам енді оңай несие ала алады. Бұғынғы күні дағдарыстың еңсеру экономикалық белсенділікті қүштейту, өндірістің индустріалды-инновациялық түріне көшу мемлекеттің жұмыспен қамту стратегиясының жаңа түрін — «даму стратегиясы» әзірлеуді талап етеді. Экономикалық дамудың жаңа бағыттары қазіргі заманғы кәсіпорындарда қолданылатын еңбек жағдайларын қатаң реттеуге қайшы келеді. Елде жоғары мамандарды дайындау деңгейі, қазіргі өндірістің талаптегігіне сай емес.

Ал нарықтың экономикалық қатынастар жағдайында ғылыми-техникалық жоспарларға сәйкес жоғары кәсіби маманданған, білімді, компьютерді жақсы менгерген, шет тілдерін білетін, жоғары адамгершілік қасиеттері бар кадрлар қажет. Осы мәселелердің алдын алу барысында жастарды жаңа технологияга баулу, саясатқа жұмылдыру қажет екенін түсінген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев биылғы жылды, яғни «2019 жыл — жастар жылы» деп жариялады². Соның бірі — жұмыспен қамту бағдарла-

масы, негізгі мақсаты: жұмыс күшінің саласын арттыру, мұқтаж адамдарға көмек көрсету, мүтедек-терге арналған жұмыс квоталары болып табылады.

Қазақстан Республикасы халқының жұмыспен қамту мәселелері туралы ғылыми-зерттеуде еңбек нарының жағдайына жан-жакты талдау жасалды. Қысқаша айтқанда, өндірістегі басты тұлға еңбек адамы екенін естен шығарма керек. Еңбек адамына жұмыс күші ретінде қарамай, оның коніл-куйімен, мүдделесімен санасу керек. Жұмысшылар мен қызметкерлердің енбегін бағалау — басты мәселе.

Осылан орай, халықты жұмыспен қамту мақсатында, ел экономикасын дамыту және қауіпсіздігін сактау барысында жұмыс жасауды ең бірінші өзіміден бастау кажет деп білеміз. Тиімді табысты си-бек етүші субъектінің, яғни тұлғаның белгілі бір көзқарасы, білім, мамандығы, тәжірибесі, тәрбиесі, жогары санасы мен психологиясының болуы аса маңызды. Сондыктan әрбір еңбеккердің жұмысты ойдағыда тиімді жүргізуі үшін оның жогары алеуметтік-адамгершілік касиеттері де болуы кажет. Кәсір қогамызындағы белек алып бара жатқан жұмыссыздық мектеп жасындағы оқушылардың білім ескере отырып, мектептегі оку, білім жұмыстарын дамыту, оқушылардың болып жатады. Осының жауапкершілікпен қарастын ұғындыру негізгі мақсаттың бірі болып табылады.

Болашақ мамандық таңдау барысында көлемдесінше жағдайлардың алдын алу, маман-қадрлардың көсі-би біліктілігін арттыру, жогары және кәсіби білім беруде барлық мүмкіндіктің тендігі, болашағы зор мамандықтарға не болуына мүмкіндіктер ашу жергілікті мамандарды қайта даярлау саясаттың әрі қаралғасынша, жұмыс күшінің бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру, жұмыссыздықты қысқарту, жұмыс-пен қамту тиімділігін қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

2018 жылғы 10 кантардағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasyny-n-nazarbaevtyn-kazstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylyg-10-kantar.

2018 жылғы 5 қазандығы Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатынын өсуі: табыс пен тұрмыс саласын арттыру» Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylyg-5-kazan.

H. Ахмет, 4-курс

Ғылыми жетекші — М. А. Шапашев,
әскери педагогика және психология кафедрасының бастығы,

(Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Әскери институты, Петропавл қ.)

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҚАЛЫПТАСУНЫҢ МӘНІ — АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ТАҒДЫРЫМЫЗДА

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жанғыру» атты бағдарламалық мақаласында атап көрсетілген біздің санамызды өзгертуге тиісті алты басты бағыттың ішіне ұлттық бірегейлікті сактау да кіреді¹¹⁻¹⁷.

Расында да, бүтінгі әлемдегі орын алып отырған көптеген оқиға мен қалыптасқан жағдайларды этиникалық, азamatтық және ұлттық бірегейлік, ұлттық сана-сезім, ұлттардың қайта өрлеуі, жаппай этносаяси жұмылдыру, этносаяси шилененістер мен қақтығыстар сияқты факторларды ескермейінше, оны түсінү мүмкін емес.

Жалпы, ғалымдардың пайымдауынша, ұлтаралық қатынастарға тікелей және жанама түрде әсер ететін факторлар қатарына әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық, саяси, геосаяси, жұмыссыздық, адам құқығын қорғау, этностиң іс жүзіндегі мәртебесі, жеке ұлт ішіндегі татулық, қоғамдағы мәдениет пен әдет-ғұрып деңгейі, тіл саясаты, ұлттар мен ұлыстардың ұлттық санасының өсуі, миграция мен демографиялық және т. б. үрдістерді жатқызуға болады.

Осының барлығын ескере отырып, Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Алдымен экономика, содан кейін саясат» деген ұстаным — «қазақстандық жол» мен қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік, ұлтаралық және дінаралық қатынастардың қазақстандық моделі бейбітшілік пен келісімнің берік іргетасын қалады. Мемлекеттің жүргізген сауатты ұлттық саясаты өз азаматтарының мүдделерін үйлестіре білді, әу бастан-әк олардың құқықтарын қорғау, этномәдени дамуына бар жағдайды жасап отырды. Қазақ жерінде тұрып жатқан халықтардың этностиң емес, азаматтық қауымдастырын қалыптастыруға басымдық берілді. Елдегі жағдай ушықтырылмай, қалыпты даму үстінде болды.